

А.Е. Алтысбаева^{1}, Ж.Ж. Манапбаева², М.Б. Тлеулинова³*
^{1}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, PhD*
²Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, PhD
³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, PhD
Алматы, Қазақстан

ӨЛЕҢ АУДАРМАСЫНЫҢ ТАРИХЫ: МӘДЕНИ САБАҚТАСТЫҚ ПЕН ПОЭТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ДӘСТҮРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада өлең аудармасының тарихи дамуы көне өркениеттерден бастап антикалық және шығыс мәдениеттеріне дейінгі кезеңдер аясында қарастырылады. Зерттеуде ежелгі Мысыр, Месопотамия, Грек-Рим әлемі, сондай-ақ араб және қытай аударма дәстүрлеріндегі поэтикалық мәтіндерді бейімдеу тәжірибесі талданады. Поэзия аудармасының басты ерекшелігі ретінде форма мен мазмұнның бірлігі, мағына мен көркемдік құрылымның ажырамас сипаты айқындалады. Мақалада сөзбе-сөз және еркін аударма қағидаларының қалыптасуы, аудармашының шығармашылық рөлі және поэтикалық мәтінді аударудағы мәдени-рухани факторлар сараланады. Тарихи мысалдар негізінде өлең аудармасының тек тілдік әрекет емес, мәдениетаралық рухани көпір екендігі тұжырымдалады.

***Кілт сөздер:** өлең аудармасы, поэтикалық мәтін, аударма тарихы, антикалық аударма теориясы, мәдени интерпретация.*

Алтысбаева А.Е.^{1}, Манапбаева Ж.Ж.², Тлеулинова М.Б.³*
^{1}Казахский национальный университет имени аль-Фараби, PhD*
²Международный университет информационных технологий, PhD
³Казахский национальный университет имени аль-Фараби, PhD
Алматы, Казахстан

ИСТОРИЯ ПЕРЕВОДА ПОЭЗИИ: ТРАДИЦИИ КУЛЬТУРНОЙ ПРЕЕМСТВЕННОСТИ И ПОЭТИЧЕСКОЙ ИНТЕРПРЕТАЦИИ

Аннотация

В статье рассматривается историческое развитие перевода поэзии от древних цивилизаций до античной и восточной традиций. Анализируются практики адаптации поэтических текстов в Древнем Египте, Месопотамии, греко-римском мире, а также в арабской и китайской переводческих традициях. Особое внимание уделяется проблеме единства формы и содержания в поэтическом тексте, а также становлению принципов дословного и свободного перевода. Подчеркивается творческая роль переводчика как интерпретатора и соавтора оригинала. На основе исторических примеров делается вывод о том, что перевод поэзии представляет собой не только языковую трансформацию, но и акт культурно-духовного посредничества.

***Ключевые слова:** перевод поэзии, поэтический текст, культурная интерпретация, история перевода, античная теория перевода.*

Alpysbayeva A.E.¹, Manapbayeva Zh.Zh.,² Tleulinova M.B.³
¹Al-Farabi Kazakh National University, PhD

THE HISTORY OF POETRY TRANSLATION: TRADITIONS OF CULTURAL CONTINUITY AND POETIC INTERPRETATION

Abstract

This article examines the historical development of poetry translation from ancient civilizations to classical and Eastern traditions. It analyzes the adaptation of poetic texts in Ancient Egypt, Mesopotamia, the Greco-Roman world, as well as in Arabic and Chinese translation traditions. Particular attention is paid to the inseparability of form and content in poetic texts and to the emergence of literal and free translation principles. The study emphasizes the creative role of the translator as an interpreter and co-author of the original work. Based on historical examples, the article concludes that poetry translation is not merely a linguistic transformation but also an act of intercultural and spiritual mediation.

Keywords: *poetry translation, poetic text, cultural interpretation, history of translation, classical translation theory.*

Кіріспе

Өлең аудармасы – адамзат мәдениетінің ең көне әрі күрделі құбылыстарының бірі. Поэтикалық мәтіндер ежелгі заманнан бері діни, философиялық және эстетикалық мазмұнды жеткізудің негізгі құралы болып келді. Бір тілде жасалған поэтикалық туындыны екінші тілде қайта жаңғырту тек сөздік мағынаны беру емес, сонымен қатар көркемдік құрылымды, ырғақ пен бейнелілікті сақтау міндетін жүктейді. Сондықтан өлең аудармасы тарихы – аударма теориясының, әдеби дамудың және мәдени өзара ықпалдастықтың ажырамас бөлігі.

Ежелгі Мысырдағы «Өлгендер кітабы» мәтіндерінен бастап, Месопотамиядағы «Гильгамеш дастанына», антикалық дәуірдегі грек-латын аудармаларына дейін поэзия аудармасы әр кезеңде әртүрлі мақсатта жүзеге асырылды. Кейбір жағдайларда ол діни қажеттіліктерге қызмет етсе, кейінгі кезеңдерде әдеби бейімдеу мен шығармашылық интерпретацияға айналды. Цицерон мен Гораций еңбектерінде сөзбе-сөз аударудан гөрі мағынаны жеткізу қағидасының қалыптасуы поэзия аудармасының теориялық негізін қалады.

Шығыс дәстүрінде де поэтикалық аударма маңызды рөл атқарды. Буддалық сутралардың санскриттен қытай тіліне аударылуы немесе Аббасидтер дәуіріндегі грек және парсы мәтіндерінің араб тіліне тәржімалануы мәдениеттер арасындағы интеллектуалдық алмасуды жеделдетті. Бұл үдерістер поэзия аудармасының тек тілдік трансформация емес, рухани және мәдени интерпретация екенін көрсетеді.

Осы мақалада өлең аудармасының тарихи кезеңдері сараланып, оның теориялық және мәдени маңызы айқындалады.

Негізгі бөлім

Өлең аудармасының тарихы – ғасырлар бойы мәдениеттер арқылы дамып келе жатқан бай әрі үнемі толығып, құбылып отыратын дәстүр. Ол поэтикалық шығармаларды бір тілден екінші тілге аудару тәжірибесін қамтиды. Поэтикалық аударма әрқашан күрделі болды, өйткені ол түпнұсқа мәтіннің мағынасын да, стилистикалық элементтерін де сақтауды талап етеді.

Поэтикалық аударма тарихына қысқаша шолу жасайтын болсақ, келесі кезеңдерді атап өтуге болады:

1. Ежелгі бастаулар мен алғашқы дәстүрлер.

Ежелгі Мысыр мен Месопотамия:

Мысыр поэзиясы. Поэзия аудармасының ең алғашқы белгілі үлгілері ежелгі Мысырдан шыққан. Мысырлық «Өлгендер кітабы» көбінесе әртүрлі диалектілерге аударылып, марқұмдардың о дүниеге саяхатында көмек көрсету үшін қолданылған [1]. Алайда, бұл аудармалар әдеби мақсатта емес, діни немесе практикалық мақсатта жасалған.

Месопотамиялық поэзия. Месопотамияда, әсіресе Вавилон мен Ассирияда, «Гильгамеш дастаны» сияқты эпикалық поэзия ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, аймақтың басқа тілдеріне – аккад және шумер тілдеріне жиі аударылып отырған [2; 3]. Бұл поэзия аудармасының алғашқы үлгілерінің бірі болып табылады.

Классикалық көне дәуір (Грек және Рим кезеңдері):

Грек тілінен латын тіліне аудармалар. Батыс поэзиясындағы алғашқы елеулі аудармалар классикалық Грек және Рим дәуірлерінде жүзеге асты. Ежелгі гректер поэзияны, әсіресе Гомердің эпостары – «Илиада» мен «Одиссеяны» жоғары бағалаған. Гомер мен Пиндар тәрізді грек ақындары мен драматургтерінің шығармалары латын тіліне Вергилий (грек мифологиялық шығармаларын латын тіліне аударған) және Гораций (грек лирикалық формаларын бейімдеген) сияқты тұлғалар арқылы аударылған [4;5;6]. Цицерон мен Гораций грек поэмаларын сөзбе-сөз аударудан гөрі, ондағы идеяларды бейімдеп жеткізген. Бұл тәсіл поэзиялық аудармаға шығармашылық тұрғыдан қарауға жол ашты. Гораций аударманың тура (сөзбе-сөз) және еркін түрлерінің арасындағы маңызды айырмашылықты көрсетті. Ол өзінің әйгілі еңбегі – «Поэзия өнері» (*Ars Poetica*, б.з.д. 18 ж.) атты шығармасында аудармашыларға бастапқы тілдің үлгілерін қорықпай қолдануға кеңес береді: «Знакомая вам тема может оставаться вашей собственностью так долго, пока вы не тратите время понапрасну на ее банальное воспроизведение. Точно так же, вам не следует пытаться воспроизвести оригинал слово в слово, словно переводчику-рабу, или подражать другому писателю, подвергая себя трудностям или связывая себя правилами, от которых вы не сможете освободиться» (Аудармасы: «Саған таныс тақырып сенің меншігің болып қала береді, егер сен оны тек үстірт қайталап, уақытыңды босқа өткізбесең. Сол сияқты, түпнұсқаны сөзбе-сөз аударуға тырыспа, құл тәрізді аудармашы болма, немесе басқа бір жазушыға еліктеп, өзінді қиындыққа душар етпе, әрі өзінді босата алмайтын ережелермен шектеме») [7]. Гораций әрдайым аударма процесінде тілді байыту идеясын қолдады. Сондықтан ол аудармашыларға «құл аудармашыға» айналмауды ескертумен қатар, неологизмдер мен кірме сөздерді пайдаланудан тартынбауға кеңес берді. Гораций жаңа сөздердің пайда болуы мен ескі сөздердің қолданыстан шығуын ағаштардың көктем мен күз мезгілдерінде жапырақ ауыстыруымен салыстырып, бұл үрдісті табиғи құбылыс деп санады. Ал аудармашының өнері, Горацийдің пікірінше, «Сөзді сөзбен емес, мағынаны мағынамен жеткізу» (*Non verbum de verbo, sed sensum exprimere de sensu*) қағидасына сүйене отырып, түпнұсқа мәтінді дұрыс түсіндіруден тұрады [7].

Ливий Андроник (б.з.д. III ғасыр) – алғашқы римдік ақын және аудармашы ретінде есептеледі. Ол грек тіліндегі «Одиссеяны» латын тіліне аударып, сатурндық өлең өлшемін қолданған [8]. Оның шығармасы толық сақталмағанымен, бұл еңбек латын поэзиясының бастамасы болды. Сатурндық өлең өлшемі (лат. *versus Saturnius*) – бұл көне римдік поэзияда қолданылған антикалық өлең өлшемінің түрі, яғни сатурндық өлең жолы. Бұл термин әдебиетте сирек кездеседі, бірақ классикалық филология мен латын поэзиясын зерттеушілер арасында маңызды. Ғалымдар оны акцентке негізделген ырғақ деп болжайды, яғни екпін мен дыбыстық сәйкестікке құрылған.

Рим ақыны Овидий де грек шығармаларын латын тіліне аударып, поэзиялық аударма дамуына ықпал етті [9; 10]. Ежелгі дәуірдің өзінде-ақ сөзбе-сөз және еркін аударма арасындағы айырмашылық пайда болды. Цицерон, кейінірек Гораций поэзия аудармашысы сөзге құл болмай, мағынаның суреткері болуы керек екенін ерекше атап өткен.

Демек, поэзия аудармасының тарихы әдеби теориялар мен ғылыми қатысым пайда болмай тұрып-ақ басталған. Ежелгі дәуірлерден бері адамзат өлең сөзді сақтап, жеткізіп, бейімдеуге ұмтылып келген. Осындай ерте аудармалардың жарқын мысалы – жоғарыда аталған Ежелгі Мысырдағы «Өлгендер кітабы» мәтіндері болып саналады. Ежелгі

өркениеттерде поэзия көбінесе діни-философиялық мәтіндермен байланыста өмір сүрді. Мысалы, Месопотамияда Гильгамеш туралы эпос түрлі диалектілерге бейімделіп жазылып, ерте аударманың бір түрі ретінде қарастырылуы мүмкін. Ал Мысырда «*Өлгендер кітабы*» деп аталған мәтіндер қайтыс болған адамға о дүниеде көмектесу үшін жазылған. Онда дұғалар, дуа, мадақтау гимндері мен бейнелі формулалар кездеседі. Бұл мәтіндер папирустарға жазылып, иероглифтермен және символикалық суреттермен безендірілген, олардың эстетикалық қана емес, магиялық функциясы да болған.

Алайда бұл мәтіндерді қазіргі түсініктегі аударма деу қиын: әрқайсысы нақты адамға арнайы жазылған, дербес нұсқа болған. Нағыз аударма тек тіл ұмытылғаннан кейін, мәтіндер зерттеу нысанына айналған кезде ғана басталды. Христиан діні таралып, Мысыр копт жазуына көшкеннен кейін иероглифтер ұмытылды. Копт тілі – қазіргі таңда өлі тілдер қатарына жататынымен, ежелде ол Египеттегі христиан Копт православие шіркеуінің литургиялық тілі ретінде қолданылған. Осы тілде жазуға арналған копт жазуы – грек әліпбиінің 24 әрпіне және ежелгі египеттік демотикадан алынған 6–7 таңбаға негізделген бірегей жазу жүйесі. Бұл жазу үлгісі III–X ғасырлар аралығында кең таралып, әдеби және діни мәтіндер жазу ісінде белсенді қолданылған. XIX ғасырда ғана француз ғалымы Жан-Франсуа Шампольон Розетта тасын пайдаланып иероглифтерді шешіп, осы мәтіндерді түсіну мен аударуға жол ашты. 1842 жылы неміс египтологы Карл Лепсиус алғашқы ғылыми аударманы жасап, «*Өлгендер кітабы*» атауын енгізді [11].

Ағылшын зерттеушісі Э. А. Уоллис Бадж XIX ғасырдың соңында бұл мәтінді ағылшын тіліне поэтикалық стильде аударып, кең танымал етті [1]. Дегенмен, оның аудармасы кейіннен сынға ұшырады: ол кей тұстарда түпнұсқадан алшақ кеткен, ал ритуалдық формулалар тым көркемделген. Бұл жағдай поэзия аудармашысы әрқашан екіұдай таңдаудың алдында тұратынын көрсетеді: мағынаға дәл болу ма, әлде поэтикалық рухты сақтау ма? Яғни, аудармашылар әуел бастан адалдық пен шабыт арасындағы қиын таңдауда еді.

Египеттен тыс аймақтарда да поэтикалық аударма өзіндік жолмен дамыды. Римде Ливий Андроник *Одиссеяны* грек тілінен латын тіліне аударып, жергілікті өлшемдермен жеткізуге тырысты. Бұл әрекет бөтен поэзияны өз мәдениетіне бейімдеу арқылы халыққа жақын етуді мақсат етті. Цицерон мен Гораций өз еңбектерінде аудармашы сөздің құлы болмауы керек, керісінше, түпнұсқаның рухын жеткізе алатын бірлескен автор болуы тиіс деген пікірді ұстанған.

Ұқсас тәсіл араб дәстүрінде де кездеседі. Аббасидтер дәуірінде парсы және грек тілдерінен аударылған философиялық және поэтикалық мәтіндерде аудармашылар түпнұсқаның ғылыми-мағыналық мазмұнын дәл жеткізуге ұмтылды, ал поэтикалық шығармаларда мағына мен көркемдік тепе-теңдігін барынша сақтауға талпынды. Бірақ бұл тепе-теңдік әрқашан толық жүзеге аса бермеді. Сол сияқты будда сутралары санскриттен қытай тіліне аударылғанда да, санскриттің нақты өлшемдері мен ритмін қытай тілінде толық сақтау мүмкін болмаған. Буддалық сутралардың көпшілігі санскритте (немесе пракрит тілдерінде) жазылған, ал онда шлокалар (ұйқасты өлең өлшемдері, әдетте 32 буындық) кең қолданылған. Өлең құрылымы мен ырғақ мәселесіне келсек, қытай тілі агглютинативті емес, иероглифтік жүйеге негізделгендіктен, санскриттің поэтикалық өлшемін толық сақтап жеткізу мүмкін емес еді. Дегенмен, кейбір аудармашылар (әсіресе ірі шеберлер) түпнұсқаның ритмдік және көркемдік әсерін мүмкіндігінше сақтау үшін теңдестірілген синтаксис, параллелизм, қайталауларды қолданды. Бұған Кумараджива сынды аудармашылар үлес қосты. Кумараджива – буддалық монах, буддалық әдебиетті қытай тіліне аударған төрт ұлы аудармашының бірі (Ань Шигао, Чжэньди және Сюаньцанмен қатар) [12; 13]. Оның аудармалары қарапайым, түсінікті тілде болғандықтан кең тарады. Дәстүрлі қытай деректеріндегі «**төрт ұлы аудармашы**»:

1. Ань Шигао (II ғ.) – алғашқы будда мәтіндерін аударғандардың бірі.
2. Чжэньди (499–569) – үнді монах-аудармашы, әсіресе йогачара ілімін таратқан.
3. Кумараджива (344–413) – ең ықпалды аудармашылардың бірі.

4. Сюаньцзан (602–664) – Үндістанға барып түпнұсқаларды жинаған, дәлдікке ерекше мән берген [12; 13].

Қорытынды

Сонымен, тарихтағы ең алғашқы поэзия аудармашылары жай ғана тіл мамандары емес, мәдени мағына мен символиканы жаңа тілде жеткізе білген рухани көпір жасаушылар болды. «Өлгендер кітабы» арқылы біз өлең сөздің тек эстетикалық құрал емес, қасиетті білім түрі екенін көреміз. Ал оны аудару – тек тілдік емес, мәдени және философиялық әрекет.

Осылайша, көне поэтикалық аудармалар арқылы аударма өнері тек сөзбе-сөз жеткізу емес, рухани интерпретация ретінде қалыптасты. Поэзия аудармасы әр дәуірде қоғамның дүниетанымы мен эстетикалық талғамына сәйкес өзгеріп отырды, алайда оның басты мақсаты – түпнұсқаның рухын, көркемдік қуатын және мәдени маңызын сақтау – өзгеріссіз қалды.

Тарихи тәжірибе көрсеткендей, өлең аудармасы мәдениеттер арасындағы сұхбатты тереңдетіп, халықтар арасындағы рухани байланысты нығайтатын ерекше құбылыс болып табылады. Сондықтан поэзия аудармасын зерттеу тек әдебиеттану немесе аударматану аясында ғана емес, кең мәдени-философиялық тұрғыда да өзекті болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Taylor, J. H. *Journey through the Afterlife: Ancient Egyptian Book of the Dead*. — London: British Museum Press, 2010.
2. Емельянов В. В. *Шумер, Аккад, Вавилон: История и культура древней Месопотамии*. — СПб.: Петербургское востоковедение, 2001.
3. Tugей П. *Gilgamesh: Der älteste Epos der Welt* (рус. пер.: «Гильгамеш: древнейший эпос мира»). — М.: 2005.
4. Гаспаров М. Л. *Очерк истории европейского стиха*. — М.: Наука, 1989.
5. Фролов Э. Д. *Античная Греция: культура и литература*. — СПб.: СПбГУ, 2001.
6. Conte, G. V. *Latin Literature: A History*. — Baltimore: Johns Hopkins Univ. Press, 1994.
7. Гораций. *Оды. Эподы. Послания* / Пер. Ф. Петровского. — М.: Наука, 1970.
8. Goldberg, S. *Constructing Literature in the Roman Republic*. — Cambridge Univ. Press, 2005.
9. Hardie, P. *Ovid's Poetics of Illusion*. — Cambridge: Cambridge Univ. Press, 2002.
10. Barchiesi, A. *Speaking Volumes: Narrative and Intertext in Ovid and Other Latin Poets*. — London: Duckworth, 2001.
11. Allen, J. P. *Middle Egyptian: An Introduction to the Language and Culture of Hieroglyphs*. — Cambridge: Cambridge University Press, 2010.
12. Gutas, D. *Greek Thought, Arabic Culture: The Graeco-Arabic Translation Movement in Baghdad and Early 'Abbasid Society (2nd–4th/8th–10th centuries)*. — London: Routledge, 1998.
13. Рудой В. И. *Буддизм и культура Восточной Азии*. — СПб.: Петербургское востоковедение, 2001.